



«Zhas Даурен»
частное учреждение

«Ауыл экологиясы - біздің қолымызда!»

**ауыл тұрғындарына арналған
жадынама**



Жоба Европа Одағының қаржысынан жүзеге асырылады

Кіріспе

Құрметті ауыл тұрғындары!

Қазір ауыл көшелерінің бүгінгідей лас, ұнамсыз күйде болуы ауыл тұрғындарының арқасында болып отырған жағдай. Лас пен қоқысты ауылымызға басқа жерден ешкім әкеліп тастаған жоқ. Әрбір ауыл тұрғыны ауыл тазалығына деген шынайы жанашырлықпен, жауапкершілікпен қарауы тиіс. Тазалықты сақтауды отбасында, бала бақшада, мектеп қабырғасында қалыптасуы қажет.

Отан сүйгіштік деген үлкен де маңызды ұғымды барлығымыз білеміз. Біз алдыменен тұрған жерімізді, туған үйімізді, сол үйіміз орналасқан жерін сыйлауымыз, жақсы көруіміз қажет емес пе?! Үйіміздің, туған жеріміздің, ауылымыздың барған сайын жақсы бола беруін неге қаламаймыз, сол үшін қолымыздан келетін шаруаны бітіруге неге асықпаймыз? Осындай талпынысты жасап жатсақ ол нағыз отансүйгіштіктің түбірі мен дәлелі болмай ма?!

Ауыл ішінде, көшелерде қоқыс толы, көк ала пакеттер шашылып жатуын қалай түсінеміз. Үйдің қоқысын үлкен пакетке, қорабқа салып, көшенің кез келген бұрышына тастай салғанда мәселе шешіле ме? Осы орайда: «Өзің отырған бұтақты аралама» – деген даналық сөз ойға оралады. Жекелеген үйлердің жақсы, сәнді болғаны дұрыс. Алайда, сол үй орналасқан көше шаң болса, онда терек өспесе, гүл жайқалмаса түгелдей сол аумақтың экологиялық мәселесі бәрібір шешімін таппайды. Демек, бізге әлі де болса осы мәселеде мәдениеттілік, ізгілік пен өркениеттілік жетіспейтін сияқты.

Ауылды жаңарту, аббатандыру, гүлдендіру - осының барлығы өз қолымызда! Сондықтан әрбір тұрғын жасыл-желек отырғызып, ауылды таза ұстауға өз үлесін қосу қажет. Біз өз тарапымыздан ауыл тұрғындарына көмек ретінде осы нұсқаулықты шығарып отырмыз. Нұсқаулық Еуропа Одағының қаржылай қолдауымен «Ауыл экологиясы - біздің қолымызда!» жобасы аясында басылып шығарылды.

**Құрметпен,
«Zhas Даурен» жеке меншік мекемесі ұжымы**

Қызықты ақпарат:

- Қала әр бір тұрғыны бір жылда 1 тонна әр түрлі қалдықты «шығарады».
- Көбінесе қоқыс жәшіктері әр түрлі көлемдегі қораптармен толады, сол себептен қоқыс жәшігінің 20-30% көлемі ауаға толып тұрады.

Қоқыстардың өмір суру мерзімі:

ағаш – 5 жыл

картон мен қағаз – 10 жылға жуық

полиэтилендік пакет – 200 жылдан астам

пластмасс бұйымдары – 500 жыл

шөлмек – 1 000 000 жыл

Пайдалы кеңестер:

- Қайта өңдеуге жататын қоқыстарды (қағаз, шөлмек, пластик және алюминий бұйымдары , жарамсыз болып қалған лампалар) арнайы қабылдайтын орындарға тапсырыңыз!
- Істен шыққан компьютер және техникалық құрал жабдықтарды арнайы оларды жоятын орындарға тапсырыңыздар!
- Қағазды пайдалануды қысқартыңыз!
- Тамақ қалдықтарынан көшеттер мен ағаш отырғызуға пайдаланатын өте құнды тыңайтқыш (компост) жасауға болады!
- Пластик және полиэтилен пакеттерін пайдаланбаңыз, ұзақ уақытқа шыдайтын, экологияға зияны жоқ шуберектен жасалған дорбаларды колданыңыз!
- Қоқыс жәшігіне тастардың алдында пайдаланған қораптар мен ыдыстардың көлемін кішірейтуді ұмытпаңыз!



уменьши объем мусора на треть!

СЛОЖИ



Бутылки из-под растительного масла легко снимаются руками, поскольку специально для этого их поверхность сделана гофрированной.

СЛОЖИ



Упаковка «Тетра Пак», пластиковые бутылки - рекомендуем сначала открутить крышку, сжать до плоского состояния, наступая ногой, а затем закрутить снова крышку.

СЛОЖИ



Жестяные и алюминиевые банки из-под соков, напитка, пива легко уменьшить в объеме, сжав рукой.

СЛОЖИ



Коробки из-под конфет, тортов, корма для животных предлагаем просто развернуть, затем сложить до плоского состояния, хорошо разглаживая на спицах.

НАЖМИ
на



мусор

СЛОЖИ



Упаковка «Тетра Пак» - для уменьшения ее объема необходимо сначала отвернуть загнутые углы и сложить пакет так, чтобы он стал плоским.

СОЖМИ



Пластиковая бутылка, или ПЭТ-бутылка. Вымыть начисто такую бутылку в домашних условиях почти невозможно. Поэтому настоятельно рекомендуем после употребления выбросить ее в сжатом виде.

СОЖМИ



Контейнеры из-под йогуртов, мороженого, стаканчики из-под молочных продуктов сжимаются легким нажатием руки от верха стаканчика к доньшку.

Табиғатты бірге сақтайық!

Біздің мемлекетіміз «жасыл» экономикаға ауысу саласындағы саясатты белсенді жүргізіп жатқанда, бізде осы үдерістің бөлігі ретінде қазірден бастап «таза» болашақты құруға қадамдар жасай аламыз. Біздің әрқайсымыз қоршаған ортаны қорғау ісіне өз үлесімізді қоса аламыз және сенің үлесің теңіздегі тамшы болады деп ойламау керек. Күн сайын біз әлемді тазартып, жақсарта аламыз. Сол себепті біз бүгіннен бастап «таза» болашақты қалай құруға болатындығы туралы ұсыныстардың кішігірім тізімін құрдық:

1. Жабдықты ажыратыңыз! Мысалы, егер сіз бөлмеде болмасаңыз бөлмедегі жарықты сөндіріңіз, сондай-ақ егер оларды сол сәтте пайдаланбасаңыз құралдарды розеткада қосылған күйінде қалдырмаңыз.
2. Синтетикалық аспаптардан/құралдардан бас тартыңыз! Құрамында әр түрлі химикаттар бар тазалау құралдарын пайдалана отырып, ыдыс-аяқты жууға дағдыланғанбыз. Дәл осындай құралдар бірінші кезекте қоршаған ортаға, сондай-ақ адамның өзіне де зиян келтіреді.
3. Энергияны үнемдеңіз. Тіпті қазірден бастап үйге күн жылытқыштарын сатып алуға және орнатуға, сондай-ақ энергия үнемдегіш шамдарды пайдалануға болады.
4. Қоқысты сұрыптауды бастаңыз! «Жасыл» экономикаға ауысудың маңызды бағыттарының бірі қалдықтарды кәдеге жарату, сондай-ақ оларды қайта өнім ретінде пайдалану болып табылады.
5. Электрондық тасымалдағыштарды пайдаланыңыз! Қағазды пайдалану кесілген ағаштардың үлкен санын талап етеді.
6. Экологиялық таза өнімдерді сатып алыңыз! Бұл біздің әрқайсымыздың денсаулық жағдайымызды айтарлықтай арттырады, сондай-ақ экологиялық таза ауыл шаруашылығын құруға көмектеседі.
7. Жаяу көбірек жүріңіз. Пайдаланылған газдар табиғатты ластаудың маңызды көздерінің бірі болып табылады. Пайдаланылған газдың шығуының сәл де болса азаюына біздің әрқайсымыз үлес қоса аламыз.
8. Браконьерлікке жол жоқ! Адамдардың заңсыз әрекеттерінен өсімдіктер мен жануарлардың сирек түрлері қазіргі кезде мүлде жоғалып кетті. Табиғаттың бірегейлігін сақтау – әрқайсымыздың міндетіміз.
9. Табиғатты қорғайық! Өзіңнен кейін қоқысты қалдырмау, ағаштардың бұтақтарын сындырмау немесе гүлдердің байламдарын үзбеу сияқты қарапайым ережелерді сақтау табиғат жағдайында маңызды көрініс табады.



Қолайсыз ортада мол өнім шығару тәсілдерінің бірі

ТЫҢАЙТУ

Тыңайту - тағам қалдықтарын кәдеге жарату тәсілдерінің бірі болып табылады. Тыңайтудың көптеген түрлері бар, осы үдеріс туралы толық мағлұматтарды интернеттен табуға болады. Сіздерді ең қарапайым тәсілмен таныстырамыз.



Отбасымыз үлкен болмағандықтан, аптасына 8 литрлі шелек тағам қалдықтары жиналады, мен оларды тереңдігі күректің ұшындай шұңқырға салып, топырақпен әбден араластырамын. Үстінен қалыңдығы 5-10 см топырақ тастаймын. Сырттағы ауаның ылғалдылығы мен температурасына байланысты қалдықтар 2 апта немесе 1 айдан кейін толық шіріп кетеді.

Шұңқырларды ағаш отырғызу үшін дайындау:

1. Көшеттердің жасы мен тамыр жүйесінің көлеміне қарай диаметрі 40-60 см және тереңдігі күректің 2,5 ұшындай (50 см) шұңқыр қазамыз. Алдымен абайлап топырақ жамылғысын (бізде ол 10см) жыныстармен (бізде ол балшық қосылған саздақ) араластырмай аламыз. Жыныстар мен топырақ жамылғысын бөлек жинаймыз. Шұңқыр тыңайтқыш салуға дайын.

2. Бір шелек тағам қалдықтарымызды төгіп, бір күрек топырақ жамылғысымен араластыра отырып, ірі қалдықтарды тез шіруі үшін ұсатамыз. Топырақ жамылғысында биоматериалды ыдырататын барлық қажетті бактериялар бар. Бұрын жасалған тыңайтқыш немесе тыңайту үшін керек микроағзалары бар құнарлы топырақ қосуға болады. Топырақ тыңайтқыш үйіндісінің қажетті бөлігі.

3. Қалыңдығы 5 см аспайтын жыныстар себеміз. Осындай жамылғы сіздерді иістерден толық қорғайды.



4. Қалдықтардың жаңа мөлшерлері түскен сайын оларды шұңқырға сала беруге болады. Қалдықтар шіріген сайын көлемін едәуір азайтады, сондықтан шұңқыр тез толып кетеді деп қорықпаңыз. Бір шұңқыр бір айдан кем емес уақытта толады.

5. Тыңайтқышты ағаш отырғызудан бір ай бұрын дайындап қойған дұрыс.

Сіздердің қалдықтарыңыз неғұрлым алуантүрлі болса, тыңайтқыш үйіндісіндегі шіру соғұрлым жақсы және толық өтетінін естен шығармау маңызды. Егер

оны бір материалдан ғана, мысалы, пішеннен немесе шабылған шөптен жасасақ, тыңайту үдерісі созылып кетеді. Көміртекке бай өсімдік қалдықтарын азотқа бай материалдармен, мысалы, көңмен үйлестіру ұсынылады.

Шіріндіге не нәрсе салуға болады, нені болмайды.

Барлық өсімдік қалдықтарын: қабыршықты, сабақты - "құйрықшаларды", шіріп қалған көкөністерді. Бұзылған немесе қатқан нан өнімдерін, торттарды, құймақтарды, бауырсақтарды, сонымен қатар ұн қалдықтарын және т. б. Егер климат құрғақ болса, нанды суға жібітіп салу керек.

Ашыған немесе бұзылған сүт өнімдерін. Пайдаланылған қағаз сүлгілерін. Өзірленген ас қалдықтарын (ботқалар, көже сорпалар және т.б.).

Ішілген кофені, шәйді (қалташаларда болса да жарайды). Ағаш үгінділерін, үгінділерден тұратын мысық биоөжетханасын. Бағбаншылық қалдықтарын, бұтақтарды (ұсату керек), шабылған шөпті, түсіп қалған жапырақтарды және т.б. Қуыруға пайдаланылған майды. Алкоголь өнімдерінің қалдықтарын.

Барлық тағам қалдықтары жарайды, осылардан басқа:

Балық және жануарлар сүйектері. Оларды да тыңайтуға болады, бірақ алдымен қатты ұнтақтап алу қажет

Егер тыңайтқыш дайын болып, бірақ ол әзір керек емес болса, шұңқырды қалыңдығы 10-20 см топырақпен жауып тастаңыз, ол келесі жылға дейін сақталады.

Құрғақ климатта суды минималды тұтыну жағдайында ағаш өсіру туралы

Сіздермен жас ағаштарды суару кезінде су тұтынуды азайтып, еңбегіңізді оңтайландыру бойынша тәжірибемізбен бөліскіміз келеді. Біздер шөлейтті және шөлді аймақта тұрамыз, алайда ағаш көлеңкесінде демалғымыз келеді. Біздің климаттық аймағымызда ағаш өсіру - ауыр еңбек. Әр жаңадан отырызылған ағашқа жаз бойы күніне 1 шелектен кем емес су керек, әйтпесе ол құрап қалады. Яғни, біздің еңбегіміз еш болып, көшеттерді сатып алуға шығарған ақшамыз далаға кетеді.

Ағаштарды суаратын кездегі еңбек шығынын азайтатын бірнеше маңызды сыр бар.

1. Ағаш отырғызуға арналған шұңқырды тыңайтып қою керек. Ол үшін кез келген тыңайтқышты немесе шіріген көңді пайдалануға болады. Әр шұңқырға 2 шелектен аз емес тыңайтқыш немесе шіріген көң қажет. Егер көң немесе тыңайтқыш толық шірімеген болса, үстінен қалыңдығы 10 см кем емес топырақ төгу керек.




2. Енді біздің "сиқырлы" бөтелкемізді дайындаймыз. Ішінде бұрын газды су болған 2 литрлі пластик бөтелкесінің бір жағын бірнеше жерден бізбен тесу керек. Тесер алдында бөтелкенің ауызын қақпағымен жабу керек, сонан соң бізді немесе шегені отқа қыздырып, диаметрі 1-2 мм екі-үш тесік тесіледі. Ағаш отырғызмастан бұрын шұңқырға бөтелкені салып, ауызы қақпағымен жер бетінен 2-3 см шығып тұруын және бөтелкедегі тесіктер тамырларға бағытталуын қамтамасыз етеміз.

3. Бөтелкені көмбестен бұрын оған су толтырамыз, әйтпесе жер оны мыжып, пайдалы көлемін азайтып жібереді.



4. Егер ағаш тамырында топырақ жентегі болса, оны шұңқырға бөтелкемен бірге орналастырып, көлеміз. Егер ағаш тамыры ашық болса, шұңқыр ішінен топырақтан биіктігі 20 см томпешік жасап, үстінен ағашты отырғызып, тамырларын томпешік үстінен жаямыз. Екі шелек су құямыз.

5. Ағаш пен бөтелкені көмген соң диаметрі 30 см суару шұңқыршығын жасаймыз. Шұңқыршықты шабылған шөппен, сарғайып түскен жапырақпен немесе ағаш үгінділерімен жабу (мульчирлеу) керек. Мульчирлеу ағаштарға оттегін беріп, шұңқыршық бетінен судың булануын азайтады.



6. Келесі күні сіздерге әр ағашқа бір шелексу апарып құю қажеттілігі болмайды, қақпақты ашып, көміліп жатқан бөтелкеге 2 литр су құйып, қақпақты жабу жеткілікті болады. Осылайша, ағаштарды тамыр бойына тамшылата суару қамтамасыз етіледі. Ол біздің гумусымыздан нәрлі заттардың едәуір бөлігін шайдыратын кәдімгі суарудан әлдеқайда артығырақ. Сонымен бірге, 1 шелек су 4-5 ағаш суаруға жетеді! Әдемі бақша егуіңізге тілектеспіз.

Көлеңкеде демалып, жапырақ сыбдырынан рахатқа бөленіңіз!!!

Мәліметтер «Қарағанды облыстық "ЭкоМұражай" ҚБ сарапшысы Юлия Калмыкованың авторлық жұмыстарынан алынған.